

Technodom бөлшек сауда дүкендерінде, www.technodom.kz интернет-дүкенінде және Technodom қосымшасында «Zigmund & Shtain брендіне промокодпен 15%-ға дейін жеңілдік» акциясын өткізу шарттары

- 1. Акцияны ұйымдастырушы:** «Technodom Operator» АҚ («Технодом Оператор»).
- 2. Акция өтетін орын:** «Zigmund & Shtain брендіне онлайн-сатып алуларда промокод арқылы 15%-ға дейін жеңілдік» акциясы Қазақстан Республикасындағы Technodom бөлшек сауда дүкендерінде, www.technodom.kz интернет-дүкенінде және Technodom қосымшасында қолданылады.
- 3. Акцияға қатысушылар:** Қазақстан Республикасында тұратын, 18 жасқа толған, www.technodom.kz интернет-дүкені мен Technodom қосымшасынан Тауарды тек жеке, отбасылық, тұрмыстық немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге мақсаттарға сатып алатын жеке тұлғалар (бұдан әрі – Сатып алушы).
- 4. Акция өтетін мерзім:** 2025 жылғы 9 маусымнан бастап 2025 жылғы 13 шілдені қоса алғандағы кезең. Акцияны ұйымдастырушының шешімімен акция мерзімі ұзаруы немесе мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 5. Промокод қолданылатын тауарлар:** Тауарлардың тізімі Technodom.kz сайтында (<https://www.technodom.kz/cms/promocode-blogger1>) және Technodom қосымшасында көрсетілген. Бұл тізімді Акцияны ұйымдастырушы өзгерте алады.

6. Жеңілдік алу шарттары:

6.1. Сатып алушы www.technodom.kz сайтынан (<https://www.technodom.kz/cms/promocode-blogger1>) немесе Technodom қосымшасынан 15% жеңілдік беретін жеке промокод алады. Сатып алушы осы промокодты қосымша жеңілдікпен тапсырыс рәсімдеу кезінде қолданады. Төлем қолма-қол ақшамен, банк картасымен, несиеге немесе бөліп төлеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

6.2. Промокодтарды пайдалану ережелері:

- Жеңілдікке арналған промокодты Technodom-ның кез келген бөлшек сауда дүкенінде төлем кезінде көрсету қажет.
- Жеңілдікке арналған промокодты www.technodom.kz сайтында тапсырыс төлемі кезінде көрсету қажет.
- Жеңілдікке арналған промокодты Technodom қосымшасында төлем кезінде көрсету қажет.
- Бір тапсырыс аясында тек бір ғана промокод қолдануға рұқсат етіледі.
- Бір клиенттік профиль акция кезеңінде Промокодты тек 1 рет ғана пайдалана алады. Чекте бір уақытта Zigmund & Shtain брендіне тиесілі 10 тауарға дейін болуы мүмкін.
- Акция шарттарының толық сипаттамасы мына бетте берілген: (<https://www.technodom.kz/cms/promocode-blogger1>)
- Промокод жеңілдігі несиеге және бөліп төлеуге алынған сатып алуларға да қолданылады.
- Промокод жеңілдігі заңды тұлғаларға (ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік және ЖК – Жеке кәсіпкер) арналмаған сатып алуларға қолданылмайды.
- Төлем жасау кезінде Промокод немесе бонустардың бірі ғана қолданылуы мүмкін. Екеуін қатар пайдалану мүмкін емес.
- Промокод жеңілдігі қосымша кепілдік сертификаттарына қолданылмайды.
- Промокод жеңілдігі «Төмен баға кепілдігі» (ГНЦ) акциясына қолданылмайды.
- Промокод жеңілдігі көтерме саудаға қолданылмайды.
- Промокод қолданылған жағдайда стандартты бонустар есептелмейді.
- Technodom.kz сайтындағы тауар саны шектелген.
- Промокодтың қолданылу мерзімі сайтта генерацияланған сәттен бастап 2025 жылғы 13 шілдені қоса алғанға дейін жарамды.
- Жеке тұлғаны растау үшін клиент SMS-валидациядан (тексеруден) өтуі тиіс (талап етілген жағдайда).

7. Акция бойынша тауарды қайтару және ауыстыру шарттары:

7.1. Жеңілдікпен сатып алынған сапасыз тауарларды кепілдік қызмет көрсету, ауыстыру және қайтару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

7.2. Егер Сатып алушы қолданыстағы заңнамада көзделген негіздер бойынша жеңілдікпен сатып алынған Тауардың ақшасын қайтаруды талап етсе, оған тек өзі төлеген сома ғана қайтарылады.

7.3. Ақауы бар немесе ақауы жойылған (уцененный) А, В, С, D санатындағы тауарлар төмендетілген бағамен сатылғандықтан, бұл акцияға қатыспайды.

8. Өзге шарттар:

8.1. Акцияға қатысушы жеке өзі, өз атынан, ерікті түрде және өз бетінше әрекет етеді. Қатысушы акцияға қатысуына байланысты барлық тәуекелдерді, жауапкершілікті және салдарын өз мойнына алады.

8.2. Акцияға қатыса отырып, әрбір қатысушы осы Акция шарттарымен толық танысқанын, олармен толық келісетінін және оларды сақтауға міндеттенетінін растайды және куәландырады.

8.3. Акцияға қатыса отырып, қатысушы ұйымдастырушының тауарларына байланысты ақпарат алуға келісім береді. Ұйымдастырушы қатысушыға алдын ала келісімсіз жеке хабарлама арқылы кез келген ақпаратты жолдауға құқылы.

8.4. Акцияға қатысу фактісі қатысушылардың акция аясында белгілі болған жеке деректерінің Ұйымдастырушы және/немесе акцияны өткізу үшін тартылған үшінші тұлғалар тарапынан жарнамалық мақсатта, ешқандай сыйақы немесе өтемақысыз, сондай-ақ мерзім бойынша шектеусіз қолданылуына келісім бергенін білдіреді.

8.5. Акцияны ұйымдастырушы осы Акция шарттарына кез келген өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізуге, оның ішінде акцияның мерзімін, тауар тізімін және тауарды сатып алу шарттарын өзгертуге құқылы.

8.6. Акция шарттары мен оларға енгізілген өзгерістер Technodom қосымшасында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.